

## **Алматы мемлекеттік театр және көркем сурет институтын қазақ мемлекеттік театр және кино институты етіп қайта құру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 20 мамыр 1993 ж. N 414

Театр мен киноның аса зәру жаңа мамандықтары бойынша біліктілігі жоғары мамандар даярлау, жоғары оқу орындары жүйесін ретке келтіру мақсатымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Т. Жүргенов атындағы Алматы мемлекеттік театр және көркем сурет институты Т. Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік театр және кино институты болып қайта құрылсын. 1993 жылдан бастап осы жоғары оқу орнында көркем сурет мамандықтарына қабылдау тоқтатылсын.

2. Аталған жоғары оқу орнын қайта құру Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне 1993 жылға белгіленген қаржылық және материалдық ресурстар, оқытушылар құрамының штат саны және басқа да нормативтер шегінде жүзеге асырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі жоғары оқу орнының құрылымын айқындасын, жаңа мамандықтар ашуды қамтамасыз етсін және материалдық-техникалық базасын нығайтуға, оны оқытушы кадрлармен толықтыруға көмек көрсетсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі және Мәдениет министрлігі 1994 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларын жасаған кезде жоғары оқу орнының материалдық-техникалық жабдықталуын нығайту және республиканың жоғары оқу орындарына тиесілі нормаларға сәйкес, оның кадрлар әлеуетін дамыту жөніндегі нақтылы шараларды көздесін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі